



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы

«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical
conference of students
MATERIALS

Астана, 2023

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV
FACULTY OF PHILOLOGY
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical conference of students
MATERIALS**

Астана қаласы, 2023

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3
С37

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Редакция алқасын басқарған: Бейсенбай А.Б.
Редакция алқасы: Маликов Қ.Т.
Саркенова Қ.Қ.
Өмірбекова Ж.Қ.

С37

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

ISBN 978-601-337-820-6

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

ISBN 978-601-337-820-6

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

Пайдаланылған әдебиет

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көп томдық шығармалар жинағы/ Рәбиға Сыздықова / –Алматы: «Ел-шежіре», 2014 ж. – 352 б.
2. М.Балақаев, М. Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық – Алматы: "Дәуір-кітап", 2013 ж. – 240 б.

М. СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІ

Жолдыбай А.

altai.zholdybai@mail.ru

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,
«БВ02305-Қазақ филологиясы» тобының 2-курс студенті
Астана, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі – Л.Ә. Еспекова

Аңдатпа. Мақалада М.Серғалиев еңбектеріндегі көркем әдебиет тілі сөз болады. Ғалымның қазақ қаламгерлерінің тіліндегі сөз саптау мәнері, сөз қолдану ерекшеліктері, тілдік сипаты, жөніндегі зерттеулер қарастырылады.

Түйін сөздер: тіл, көркем әдебиет тілі, сөз.

Аннотация. В статье рассматривается язык художественной литературы в произведениях М. Серғалиева. Рассмотрены исследования ученого по стилю словообразования, особенностям словоупотребления, языковым характеристикам в языке казахских писателей.

Ключевые слова: язык, язык художественной литературы, слово.

Abstract: The article deals with the language of fiction in the works of M. Sergaliev. The research of the scientist on the style of word formation, peculiarities of word usage, linguistic characteristics in the language of Kazakh writers are considered.

Keywords: language, language of fiction, word.

Қазақ әдеби тілінің қабаттарын, оның байлығын танытуда көркем әдебиеттің рөлі ерекше. Көркем әдебиет қашанда өзінің қызметі жағынан ерекшеленеді. Академик М.С.Серғалиев «Белгілі ұлт тілінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Көркем әдебиет тілі халық тілінің дамып, қалыптасуында аса зор қызмет атқарады. Қазақ тілінің бүгінгі дәрежедей икемді, бейнелі болуында аса көрнекті көркем сөз шеберлерінің елеулі роль атқаратындығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Әсіресе, эстетикалық қызметі көркем әдебиет тілінің стильдердің басқа түрлерінен, бір жағынан, даралығын көрсетсе, екінші жағынан, сол стильдер жүйесінде оның жетекші орынға иекендігін де дәлелдейді» деп, көркем әдебиеттің қызметін ерекшеліп атап өткен болатын.

М.С.Серғалиев «Көркем әдебиет тілі» деген еңбегінде көркем әдебиет тілінің мынандай басты-басты ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1/ Көркем әдебиет тілі басқа стиль түрлерінен құрамы жағынан ерекшеленеді, яғни құрамыбарынша бай болады;

2/ Коммуникативтік /хабар, дерек берушілік/ және эстетикалық /әсемдік әсер тілінде эстетикалық берушілік/ қызметтерінің бірлігі;

3/ Көркем әдебиет тілінің көп стильділігі;

4/ Бейнелеу-мәнерлеу құралдарының жиі қолданылуы;

5/ Автордын шығармашылық даралығының болуы [2; 174-176].

Осы тұрғыдан келгенде, ғалымның көркем әдебиет тіліне қатысты тұжырымдарын, зерттеулерін арнайы әңгіме етудің әбден реті бар. М.Серғалиев алғашқылардың бірі болып көркем әдебиет тіліне қатысты еңбектерінде мәселені екі жағынан – біріншіден, көркем әдебиет тілі хақындағы өзінің қалыптасқан түсінігі тұрғысынан, екіншіден, жазушылардың, яғни, шығарма авторларының көркем туындылар тіліне өзіндік талғамы тұрғысынан қарастырады. Бұл ретте көрнекті жазушылар С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мұстафин, З.Шашкин, С.Шаймерденов, Қ.Найманбаев сияқты қаламгерлер тілінің стильдік ерекшеліктері жайындағы тұжырымдарын айтуға болады.

Ғалым өз зерттеулерінде М.Әуезовтің тіл құралдарды ұтымды пайдалану шеберлігін талдай келе «Жазушы шығармаларынан тілдік құралдарды қолданудың тамаша үлгілері көзге түседі. Қайсыбір суреткерлердің сөз қолданудың санаулы түрлерімен шектелетіні бар. Айталық, біреулері метафораны үйіп-төгіп пайдаланады да, троптың басқа түрлеріне соншалықты мән бере бермейді; екіншілері сөзжасамға қабілетті келеді де, көркемдік құралдардың өзге түрлері бәсеңдеу таныла береді; енді біреулері «өз ауылының тіліне» көбірек көңіл бөліп, суреткерге қойылатын шарттарды тең ұстамайды. Ал Мұқановтың ұлылығы сөз қолданудың әр тараптылығынан, әр сөйлемнен байқалып отырады» – деп ұлы жазушыға аса бір асқақтық, даралықтың тән екендігін баса айтады.

М.Серғалиев «Троптарды (метафора, метонимия, теңеу, эпитет т.б.) орайымен жұмсауда М.Әуезов алдына жан салмайды. Осылар тіркесе қоймас-ау деп күдік тудыратын сөздердің өздері Әуезов қаламына іліккенде, айрықша мәнге ие болып, кейіпкерлердің жан дүниелерін ашуға ерекше қызмет етеді. Көп ретте мұндай сөз қолданыстары жазушының окказионализмдері болып та көрінеді» дейді [2;30]. Атап айтсақ:

Намыскер жүректің ызалы толқыны білінеді. Жоқшылық, ауыр мұқтаж-дық тұтқындары (Абай, II) Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайына қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей (Абай, I) Енді, міне, өмір аязының алдыңғы леп болып, Жампейіс арқылы, қойшылар арқылы келіп жеткен сұм салқын сол зой деп ұққанды (Абай, I) [2;30].

Жоғарыда берілген «Абай жолы» роман-эпопеясының үзінділеріндегі сөз орамдары қаламгердің даралығын, жазу мәнерін таныта түседі. М.Әуезов өзінің тәжірибесі, стилі арқылы бүкіл бір халықтың үлкенді-кішілі қаламгерлеріне осы бағытта үлгі болды. Жазушы шығарманың образды тілін жасауда тек сөзді астарлап, бейнелеп, қолдану, дайын тілдік бірліктерді пайдаланумен шектелмейді. «Ол жалпы халықтық тілдің байлығын өзінің шығармашылық зертханасынан өткізе отырып, соның ішінен керектісін таңдап алумен қатар, өз ойын, дүниеге көзқарасын жеткізуде дағдылықтан, қалыптылықтан шығып, жазушы ой ағысымен «болмайтынды» болдырып, «мүмкін еместі» мүмкін қылады. Көркем әдебиеттегі әрбір бейнелеу-суреттеу құралдары, жаңа тың қолданыстары жазушының үлкен ізденістерінің нәтижесі болып табылады» [4; 25-26]

Академик М.Серғалиевтің сөз зергері Ғ.Мүсреповтің тілі туралы зерттеулері де аз емес. «Аса көрнекті қазақ жазушысы Ғабит Мүсреповтің сөз саптау өнегесі жастар түгіл, төселіп қалды деген қаламгерлерге үлгі болуда. Сондықтан әйгілі сөз зергерінің ана тіліне, оның әр алуан бояуына назар салып, үңіле білуі кездейсоқ жай емес» –деп баға беруі Ғ.Мүсреповтің сөз саптау шеберлігінің даралығы, ұтқырлығы, тіл тазалығы, мөлдірлігі әдебиет әлемінің шырқау шыңында берік тұғырлағанын айғақтайды.

Ғ.Мүсрепов прозасында ерекше, тыңқолданыстарды кездестіруге болады. Мәселен, **самауыр әндетеді, боран қиқулайды, жел есінейді т.с.с.». Біріне-бірі сай асыл**

нәрселер жарасымын тауып, жымыңдасып тұрғандай» («Оянған өлке»). «*Іңір де түсті, боран да лоқсып-лоқсып қалып, қиқулап жүре берді» («Оянған өлке»).* «*От жағылмаған екі темір пеш түксіп тұр» («Оянған өлке»), «Алғашқы айларда шоқ-шоқ қарағанға тірелген сары балшық ыржиып жатқанда, қазақ жұмыскерлері оны сары ауыз деп жүріп еді...» («Оянған өлке»).* «*Дала желі ұйқысынан енді ғана оянып, ақырын ғана есіней бастапты» («Оянған өлке»),* Мұның барлығы да бейнелеп отырған заттар мен құбылыстардың, айналадағы көріністердің адам сезіміне лайықтап, түсінігіне сәйкестендіріп бейнелеу мақсатында қолданылған. Сөз шебері Ғ.Мүсрепов әр сөз бен сөз тұлғасына ерекше назар аударуды әдетіне айналдырған суреткер ретінде дағдыдан тысқары тұлғаларды қолдануға саналы түрде барады. Мұны автордың сан алуандықты қолдайтыны, сондықтан стильдік даралық деп қабылдауға болады. [2; 115]

Сонымен қатар М.Серғалиев С.Шаймерденовтің сөз қолдану шеберлігін саралай отырып, «Сафуан суреттеудің, бейнелеудің, баяндаудың сан алу түрін еркін пайдаланады. Жазушы қай деталь болмасын оның өрнек бояуын тап басып, жылтырақтық ұғымнан қашып, неғұрлым оған психологиялық түйін беріп отырады. Табиғат суреттеріне өзінше мінез беріп, оны шынайы шеберлікпен жеткізеді» деп, қаламгердің сөз саптау ерекшелігін атап өтеді. [2; 269]

Ғалым Т.Әлімқұловтың повестеріне тән мынандай ерекшелікті атайды: «Тәкен Әлімқұлов шығармаларын ерекшелендіретін бір жай – ондағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің молынан кездесетіндігі және оны саналы қолданып отырғандығы. Тілде диалектизмдер дәстүрі бойынша фонетикалық, грамматикалық-лексикалық деп бөлінетін болса, сөз болып отырған шығармаларда бұлардың бәрін де ұшыратуға болады. Көпшілік жағдайда көркем шығармаларда адамның, әсіресе, қыздың күлкісін судың сылдырымен салыстырушы еді. Тәкенде бұл керісінше: «Шолпыдай сыңғырлаған сиқыр су, кәрі жездені тәлкек қылған жас балдыздай, күлкімен шымшылап бара жатты». Сырт қарағанда, бір-бірімен ұқсастығы жоқ заттар мен құбылыстарды жымдастырып салыстыруға жазушы шебер» деп көрсетеді. [2; 270-278].

Академик М.С.Серғалиев «...көркем әдебиет тіліне ең қажетті шарттардың бірі – автордың шығармашылық даралығының болуы. Бұл арада әңгіме тек тілге қатысты екенін баса айту қажет, өйткені жазушыға қойылатын бұл талап тақырып таңдау, оқиғаны бастап, дамытып, өрбіту сияқты тілден біршама алыстау көрінетін жайларға да байланысты» – дей отырып, әрбір қаламгердің сөз қолдануда, жекелеген сөз жасауда, сөз мағынасын жіті аңғарып, жаңа қырымен пайдалануда өзіндік қолтаңбасы болу керектігін айтады [2; 176].

Автордың даралығы, сөз саптау, жазу мәнері көркем әдеби тіл нормасына келіп тіреледі. Көркем әдеби тіл нормасының шегін көрсетіп, нақтылау мүмкін емес. Ол тілдегі қалыптасқан ережелерге, грамматикалық тұлғаларға, лексикалық бірліктерге сүйене отырып, тіл әлеуетін танытады.

Көркем әдебиет тілінің ерекшеліктері, оның тілдік табиғаты, қаламгердің даралығы, сөз құдіреті көркем әдеби тіл нормасымен анықталады. Ондағы барлық тілдік тәсілдер, сөздің коммуникативтік, эстетикалық қызметі осы нормаға сай жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, М.Серғалиевтің қазақ тілінің, қазақтың көркем әдебиет тілінің зерттеліміне қосқан үлесі телегей теңіз. Біздің қарастырған көркем әдебиет тілі жайындағы деректер ғалымның қисапсыз қазыналарының бір бөлігі ғана. Көркем әдебиет тілі дегенде М.Серғалиевтің есімі бірден еске түседі, тіптен егіз ұғым іспеттес. Ғалымның кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұрасы, асыл қазынасы қазақ елі барда, қазақ ұлты барда сөнбек емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Тілдік норма және поэтикалық фразеологизмдер: Сөз өнері. – Алматы Ғылым, 1978. – 8-12 б.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 29-30 б., – 174-176 б., – 369 б.
3. Әуезов М. Абай жолы роман-эпопея 1942, I, II том. – 176-230 б., – 323-381 б.
4. Еспекова Л. Көркем әдебиет тілі және норма. // Тіл білімі VIII кітап, – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. 25-26 б.

АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ СИНОНИМИЯ МӘСЕЛЕСІ

Избасарова А.

aruizbasarovva@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті

5B01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 2-курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Г.О. Сыздықова

Аңдатпа. Тіл білімінде синонимия бастапқыда тек лексикологиялық тұрғыда зерттеліп келгендігі белгілі. Ғылымның даму барысында синонимия мәселесін тілдің барлық деңгейіне қатысты қарастырудың қажеттілігі пайда болды.

Мақалада академик М.Серғалиевтің жалпы синонимия мәселесі, синоним және синонимия, синонимика ұғымдарының аражігі, синонимдердің тіл деңгейлеріне қатысы, оның ішінде грамматикалық синонимдер туралы тұжырымдары сараланады. Синонимия мәселесін морфологиялық және синтаксистік тұрғыда зерттеудің өзектілігі анықталады.

Аннотация. В лингвистике синонимия изначально изучалась только в лексикологии. В ходе развития науки возникла необходимость рассмотрения проблемы синонимии по отношению ко всем уровням языка.

В статье анализируются высказывания академика М. Серғалиева о проблеме общей синонимии, о различии понятий синоним, синонимика и синонимия, о причастности синонимов к языковым уровням, в том числе о грамматических синонимах. Определяется актуальность изучения проблемы синонимии в морфологическом и синтаксистическом аспектах.

Annotation. In linguistics, synonymy was initially studied only in lexicology. In the course of the development of science, it became necessary to consider the problem of synonymy in relation to all levels of language.

The article analyzes the statements of academician M. Sergaliev about the problem of general synonymy, about the difference between the concepts of synonym, synonymy and synonymy, about the involvement of synonyms to language levels, including grammatical synonyms. The relevance of studying the problem of synonymy in morphological and syntactic aspects is determined.

Ұлттық тіліміздің синонимдерге бай екендігі рас. Оны бүгінге дейін синоним, олардың түрлері, қолданысы, мағыналық реңктері туралы зерттеген ғалымдардың еңбектерімен, ғылыми тұжырымдарымен дәйектей аламыз.

Синонимдердің қазақ тіл білімінде зерттелуі қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ұлт ұстазы жалпы синонимнің қасиетін дәл